



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Кәсіпкер базынасы Әкім назарында

Қала әкімі Асылбек
Шәменов кәсіпкерлерді
қабылдады. Ай
сайын тұрақты түрде
өткізілетін кездесуге
30-дан астам
кәсіпкер келді.



«Бизнеске арналған үкімет» ғимаратында өткен кездесуде кәсіпкерлер шаһар басшысына толғандырылған мәселелерін жеткізді. Оның ішінде кәсіп бастау үшін берілетін мемлекеттік грант, кәсіп аясын кеңейтуге жеңілдетілген несие алу, кәсіп жүргізуге қажетті жер телімін рәсімдеу және өзге де салаға қатысты мәселе айтылды.

Кәсіпкер Мира Исабаева күнделікті тұрмысқа қажетті және ерлер сөмкесін тігумен айналысады. Өз қаражатымен бастаған кәсібін бұдан әрі дамыту үшін мемлекет тарапынан қолдау көрсетілсе деген тілегі бар.

– Мен күнделікті қолданысқа қажетті және ерлерге арналған сөмке тігемін. Осы ісімді жандандырып келеді. Өкінішке қарай, мемлекеттік грант алу талабына жас ерекшелігім келергі. Ал жеңілдетілген несие алуға кепіл мүлкің болуы керек екен. Әкімнен осы мәселе бойынша көмек сұрадым. Ол сала мамандарына басқа мүмкіндіктерді қарастыруды тапсырды. Қазір қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің мамандарынан кеңес алмақпын, – дейді кәсіпкер.

Қалада жылыжай салу жобасын жүзеге асыруда кәсіпкерлердің мұң-мұқтажын жеткізуші Агерке Тәжекеева – аймаққа белгілі агроном. Бұған дейін «Болашақ» университетінде жылыжай ашып, мол өнім жинап, цитрустық жемісті жерсіндірген ол бүгінде осы істі жандандыру жолында еңбек етуде. Бүгінгі кездесуде электр жарығы, жер, су мәселесін қозғаған ол қала әкімі Асылбек Әмірбекұлынан жылыжай кәсібімен айналысатындар мен кәсіпті жана бастағандарға осы тұрғыда қолдау көрсетуді сұрады.

– Қалада жылыжай ашқан, ашуға ниетті кәсіпкерлер көп. Солармен бірлесіп осы кәсіпті дамытсақ дейміз. Алайда электр, су, жер мәселесі қиындық туғырады. Осы мақсатта бізге қолдау көрсетуді сұрадым. Заңдылығына сай тиесілі көмек көрсететінін айтты. Сала басшыларына нақты тапсырма берді, – дейді ол.

2 бетте

«АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ»: Сыр өңірі үздіктер қатарында



Ауылдардың әлеуетін көтеру мақсатында «Ауыл – ел бесігі» жобасы жүзеге асып жатқаны белгілі. Ауылдағы ағайынның еңсесін көтеріп, тұрмысын түзеуге сеп болатын жобаның мақсаты айқын, болашағы жарқын. Ендігі мәселе – ел игілігіне қызмет ететін жобаны тиімді жүзеге асыра білу.

Жуырда Үкімет отырысында «Ауыл – ел бесігі» жобасының жүзеге асу барысы талқыланды. Ел бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс нәтижесін ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров баяндады. Министрдің айтуынша, қазіргі таңда республикада 6 295 ауылдық елді мекен бар, онда 7,5 млн ауыл тұрғыны немесе халықтың 38%-ы тұрады. Ауылдардың жалпы санынан даму әлеуеті жоғары 3,5 мың ауыл іріктеліп алынды, онда ауыл тұрғындарының 93%-ы тұрады.

Бүгінгі таңда ауылдардың инфрақұрылымын дамыту «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде басым бағыт ретінде жүзеге асырылып келеді.

2 бетте



ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ: ЖҰМЫС САПАСЫ МАҢЫЗДЫ

Биыл облыс орталығындағы салынып жатқан ірі әлеуметтік нысандарды айтпағанда, жол, жарық, жылу жүйелері мен абаттандыру жұмыстары күз мезгілі жеткенше бітуі тиіс. Жаздың бітуіне де 1 ай қалғанын ескерсек, құрылыс жұмыстары да осы айда толық аяқталуы қажет. Осы орайда атқарылып жатқан жұмыс барысын шаһар басшысы Асылбек Шәменов өзі аралап, бағамдап қайтты.

Қаланың негізгі көшесінің бірі саналатын Бейбарыс сұлтан көшесінің бойында жолды кеңейту, абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Ерте көктемде басталған құрылыстың

қазір біршамасы атқарылған. Көше бойында әлеуметтік нысандардың көптеп орналасуы, сондай-ақ көлік қатынасындағы негізгі жол болғандықтан бұл көшеде үздіксіз қозғалыс көп екені белгілі. Осы орайда көлік қатынасын реттеу мақсатында аталған көше бойын 4-6 жолаққа кеңейту жобасы мақұлданған

еді. Бүгінде Бейбарыс сұлтан көшесінің Н.Назарбаев даңғылынан «Күмкөл» трассасына дейінгі аумағы 4 жолаққа кеңейтілуде. Ал Н.Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздікке 25 жыл көшесіне дейінгі аумағы 6 жолақты болады. Қазіргі таңда кеңейтілген көшенің беткі қабатына асфальт жабындысы төселуде.

Құрылыс жұмысы міндеттелген «Технонастра-Ремсервис» ЖШС мердігер мекемесі жөндеу жұмысын 15 тамызға дейін аяқтауды көздеп отыр. Құрылысы бітіп, аясы кеңейген көшеде сонымен бірге жол белгілері қайта жаңғыртылып, жана бағдаршам, аялдамалар орнатылмақ.

2 бетте

Аймақтағы ауқымды жобалар партия бақылауында

Кеше «AMANAT» партиясының облыстық филиалында партияның облыстық мәслихаттағы депутаттық фракциясының жетекшісі Аманжол Онғарбаев сайлауалды бағдарлама бойынша атқарылған жұмыстарды баяндады.



Брифингте «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы, жол картасының уақытылы орындалуын қадағалау, өзекті мәселелерді мерзімінде шешу бойынша тиісті жұмыстар жүргізілгенін жеткізді. Сондай-ақ фракцияның жана құрамы өз міндетін жауапкершілікпен атқарып жатқандығын атап өтті.

– Мәслихаттағы депутаттық фракцияда және партия жанындағы кеңестерде жол картасының орындалуы пысықталды. Бұл жиындарға жауапты ұйымдардың өкілдері де қатысты. Жол картасындағы іс-шараны іске асыру үшін қаржыландыру жағдайы талданып, тиісті ұсыныстар берілді. Соның нәтижесінде бүгінгі күні орындалмау қаупі бар мәселелер анықталған жоқ. Соңғы 6 айда облыста жол картасындағы 122 іс-шараның 8 пайызы орындалып, 86 пайызы орындалу үстінде, – деді Аманжол Сақыпұлы.

3 бетте

ҮЗДІК ШАҒЫН АУДАН: күмда да ағаш өседі



Сонау ықылым заманнан «Бір тал кессен, он тал ек» деген қағидасын ұстанған халық үшін тал егу маңызды іс. Расымен де саялы ағаш егу ұрпақтан-ұрпаққа қалатын үлгі өнеге болмақ. Қоршаған ортаны қоғалдандырып, ағаш отырғызып, табиғаттың әсем көрінісіне көрік бергенге не жетсін? Тіршіліктің қайнар көзіне айналған табиғатымызды аялап, әр егілген ағаштың қандай да бір тіршілік несіне септігі тисе, мәселен, бір құс ұя салса, бір адам көлеңкесін саяласа, оның өзі үлкен сауап.

3 бетте

«АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ»: СЫР Өңірі үздіктер қатарында

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша 2019-2022 жылдары республикалық бюджеттен 326 млрд теңге бөлініп, 3,7 мыңнан астам жоба іске асырылды. Бұл тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы 334 нысанды, 1 200 әлеуметтік нысан мен 2 мыңнан астам көлік инфрақұрылым нысанын салуға және жөндеуге мүмкіндік берді.

– Биыл 771 ауылдық елді мекенде 1800 жобаны іске асыру үшін жалпы 218,2 млрд теңге бөлінді. Оның ішінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы 244 жоба, 383 әлеуметтік нысандар және ауыл-шілік жолдарды жақсарту бойынша 1200 жоба іске асырылып жатыр», – деп мәлімдеді Ә.Қуантыров.

Келтірілген мәліметтерге сүйенсек, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы іске асырылған жылдан бастап республикалық бюджеттен қаржыландыру көлемі 6,7 есеге артқан. Мәселен, 2019 жылы 29 млрд теңге бөлінсе, республикалық бюджеттен осы жылға 198 млрд теңге қарастырылған.

Сонымен қатар биылғы бірінші жарты-жылдықтағы бөлінген қаржыны игеруге қатысты облыс әкімдіктері бюджет қаражатының 27%-ын игерген. Қаражаттың жоғары игерілуі Павлодар, Ақтөбе, Қызылорда облыстарында байқалады. Бұдан басқа, қаражаттың ең аз игерілуі Алматы мен Ұлытау облыстарына тиесілі.

Жалпы бүгінгі таңда, 1600 жоба бойынша конкурс өткізіліп, 158 жоба аяқталды.

Басы 1-бетте



Аяқталмаған ең көп жобалар Жамбыл, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарында анықталды.

Министр өз кезегінде биылғы жылдың аяқталуына алты айдан аз уақыт қалғанын, осы орайда Министрлік әкімдіктермен бірлесіп бағдарламаны тиімді іске асыру бағытындағы келесі жұмыстарды жүргізетінін айтты. Олар:

– Жобалардың конкурстарын өткізу процестерін тездету;

– Бағдарлама аясында қосымша қаржы талап ететін нысандарға қаржы бөлу мүмкіндігін қарастыру;

– Бөлінген қаражатты уақытылы игеруді қамтамасыз ету;

– Құрылысы жүріп жатқан жобалардың жыл соңына дейін сапалы әрі мерзімінде аяқталуын қадағалау;

– Жобалардың орындалу барысына апта сайын мониторинг жүргізу.

Сонымен қатар «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының жүзеге асырылу аясында ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасына әсер етуін бағалау мақсатында өңірлік стандарттар жүйесі арқылы талдау жасалып келеді. Қазірдің өзінде бағдарламаның нәтижелерінен оң өзгерістер байқалады.

Мәселен, 2022 жылғы өңірлік стандарттар жүйесі көрсеткіштеріне сәйкес инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейі жоғары ауылдар саны ұлғайып, 786 ауылдық елді мекенді құрағанын көрсетіп отыр. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 525 ауылдық елді мекенге артық. Еліміздегі ауылдық аумақтарда тұратын 7,5 млн халықтың, 3,2 млн-ы өңірлік

стандарттармен қамтамасыз етілу деңгейі жоғары ауылдарда тұратынын атап өткен жөн.

– Сонымен қатар өздері тұратын өңірлерге, туған ауылдарының инфрақұрылымын дамытуға қомақты қаражат салатын жергілікті ұйымдар мен кәсіпорындардың белсенділігін атап өткім келеді. Ірі кәсіпорындар тарапынан ауылдық жерлерде тұрғын үй, әлеуметтік нысандар және демалыс орындары салынған. Осындай жергілікті ұйымдар мен кәсіпкерлер барлық өңірлерде бар», – деп атап өтті Ә.Қуантыров.

Сондай-ақ ауылдарды дамытуға бөлініп жатқан мемлекеттік бюджет көлемінің ұлғаюуы жеке инвестициялар үлесінің де артуына оң әсерін тигізіп келеді. Мәселен, 2019 жылы жеке инвестициялардың көлемі – 2,5 трлн теңге болса, 2022 жылы – 3,1 трлн теңгені құрады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес ҚР ауылдық аумақтарын дамытудың



2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды және жүзеге асырылып келеді.

Тұжырымдамда «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасын іске асыру, сумен, электрмен жабдықтау, газбен қамту, шекара маңы аумақтарды әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, жергілікті



Үкімет отырысында Премьер-министр Әлихан Смайылов «Ауыл – ел бесігі» жобасы бойынша бөлінген қаржының орындалу барысына тоқталды. Үкімет басшысы 2019-2022 жылдары әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту бойынша мыңнан астам ауылда 3,7 мыңнан астам жоба іске асырылғанын, сондай-ақ 33 мың жұмыс орны ашылғанын атап өтті.

– Биыл 800 елді мекенде шамамен 2 мың жоба жүзеге асырылады. Бөлінген қаржыны игеру қарқыны Павлодар, Ақтөбе, Қызылорда облыстарында жақсы», – деді Премьер-министр.

Мұнан бөлек, жиында ауылдық елді мекендерді дамытуға жеке кәсіпкерлерді тартудың үлгілері атап көрсетілді. Мысал ретінде Жанакорған және Сырдария аудандарында саябақ салуға қаражат бөлген «Азимут» ЖШС мен «Абал и К» ӨК үлесі туралы айтылды.

Отырысты қорытындылаған Үкімет басшысы «Ауыл – ел бесігі» жобаларын сапалы және уақытында іске асыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды барынша қаржыландыру мәселесін пысықтау қажеттігін атап өтті.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

КӘСІПКЕР БАЗЫНАСЫ ӘКІМ НАЗАРЫНДА

Кәсіп ашуда мемлекет қолдауына ие болып, қазіргі таңда құрылыс заттарын шығарумен айналысатын кәсіпкер Жұмабек Сәдуақасов та бүгінгі кездесуге арнайы келді. Өндіріс орналасқан аумақта электр желілерінің тозығы жеткен. Бұл жұмыс барысында үлкен кедергі келтіреді деген кәсіпкер қала басшысынан электр желілерін қайта жаңғыртуды сұрады.



Кәсіпкерлік саласындағы кез келген мәселе бойынша өткізілген қабылдауға келгендер арасында өз ісін енді бастағысы келетін азаматтар да бар. Соның бірі қала тұрғыны – Бақдаулет Жаңбырбаев. Қоғамдық тамақтану орнын ашқым келеді деген ол кәсібін бастау үшін көмек сұрап келіпті.

– Жасым 28-де. Қоғамдық тамақтану орнын ашсам деймін. Жоба жоспары әзір. Мемлекет тарапынан жас кәсіпкерлерге көрсетілетін көмек жолдарын сұрадым. Мүмкіндік барын айтты. Өрі қарай бағыт-бағдар беруді сала мамандарына жүктелді, – дейді Бақдаулет.

Басы 1-бетте

Көмек сұрай келген кәсіпкердің бірі – Қарақоз Қараманова. Осыдан 5 жыл бұрын мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалту орталығын ашқан ол ем алушы балаларға мемлекет тарапынан көмек болса дейді. Сонымен қатар мамандардың біліктілігін арттыру үшін де қолдау қажеттігін айтты.

– Орталықтағы 30 шақты баланы оңалтуға 10-ға жуық маман қызмет көрсетеді. Орталықтың жұмысын жандандыруға, оңалтуға қажетті құрал-жабдық алуға, сондай-ақ мамандарды қаржыландыруға мемлекет тарапынан көмек болса деймін. Қала әкімі Асылбек Өмірбекұлы тарапынан қанағаттанарлық жауап алдым, – дейді кәсіпкер.

Кездесу барысынан қалада кәсіпкерлер мен кәсіп ашқысы келетін жастардың басым екендігін байқауға болады. Жеке ісін жүргізуде туындаған түйінді тарқатуға келген кәсіпкерлер әкімге толғандырған мәселесін жеткізді. Өр кәсіпкердің мәселесін жіті тыңдап, жеке тоқталған қала әкімі оның шешу жолын жауапты мамандармен бірге түсіндірді. Сала басшыларына нақты тапсырма беріп, орындалу барысын назарда ұстайтынын ескертті.

А.СЕЙІЛ

БОРЫШКЕРЛЕРДІ МЕМЛЕКЕТ АЛДЫНДАҒЫ ҚАРЫЗЫ АЗАЙҒАН

Кеше қала әкімдігінің баспасөз орталығында мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Фердоуси Қожаберенов брифинг өткізді. Онда жыл басынан бері салада атқарылған жұмыстар туралы баяндады.



Басқарма басшысының мәліметіне сәйкес, биыл жарты жылда мемлекеттік бюджетке 45 млрд 488,2 млн теңге салық түсімі түс-

кен. Бұл көрсеткіш өткен жылға қарағанда 3406,3 млн теңгеге артқаны байқалады. Ал жергілікті бюджеттік түсім 10,8 млрд теңгені құрап, өткен жылғы көрсеткіштен 4,8 млрд теңгеге көбейген.

Жыл басынан бері басқарма тарапынан салық төлеушілерге 156496 мемлекеттік қызмет көрсетілген. Сондай-ақ салық міндеттемелерін мәжбүрлеп өндіру шарасы аясында борышкерлердің мемлекет алдындағы қарызы 1 млрд теңгеге азайған. Жалпы жеке тұлғаларды қоспағанда жарты жылда 39376 салық төлеуші, оның ішінде 31499 дара кәсіпкер ретінде тіркелген.

Брифинг барысында басқарма басшысы Фердоуси Қожаберенов бюджет кірісін қамтамасыз ету бағытында салықтық әкімшілендіру шаралары, жеке тұлғалардың банкроттығы, жалпыға бірдей декларациялау жұмыстары туралы айтып өтті.

Салық төлеушіге сапалы қызмет көрсету, халықтың салық сауаттылығын арттыру бағытында жұмыстар жалғасатынын айтқан басқарма басшысы мұның «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында жүзеге асып, бюджет кірісі қамтамасыз етілетінін жеткізді.

«Ақмешіт-ақпарат»



көшесі бойындағы көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларында жүргізілуде. Жоба бойынша онда жаяу жүргіншілер жолы салынып, асфальт төселеді. Автокөлік тұрағы салынады. Сондай-ақ жасыл-желек отырғызуға арнайы орындар белгіленіп, дайындалады. Ал аталған жұмыстарды тиімді атқару жауапкершілігі «Азамат құрылыс» ЖШС мекемесіне жүктелген. Қазір мұндағы абадтандыру жұмыстары 60 пайызға орындалған.

Шаһар басшысы іс барысын бағамдаған тағы бір жоба – Еламан Керейтбаев көшесінің бойында жүзеге асуда. Аталған көшенің екі жақ бетіне ұзындығы 1 шақырымды құрайтын, ені 1,5 метр болатын жаяу жүргіншілер жолы салынады. Құрылыс жұмысын шілде айында бастаған «Ақнұр Авто» ЖШС мердігер мекемесі бұл жобаны тамыз айында аяқтамақ.

Құрылыс алаңдарын аралап, жұмыс барысын пысықтаған қала әкімі Асылбек Шаменов жауапты мердігер

ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ: ЖҰМЫС САПАСЫ МАҢЫЗДЫ

Шаһар басшысы назарға алған тағы бір құрылыс аумағының бірі – Абай даңғылы мен Ғ.Мұратбаев көшесіндегі көпқабатты тұрғын үйлер.

Бұл маңда кварталаралық жылу желілері жаңғыртылуда. Жоспар бойынша ұзындығы 1 шақырым 700 метрді құрайтын жылу құбырлары ауыстырылады. Ал құрылыс жұмысына жауапты «Механизатор» ЖШС мердігер мекемесі. Жауапты мамандар қазіргі таңда қайта жаңғырту жұмыстарының 40 пайызы орындалғанын, жоспар бойынша күз айы басталғанша ел игілігіне берілетінін айтады. Кварталаралық жылу жүйелерін қайта жаңғырту жұмыстарынан соң бұл аумақтағы 50-ден астам көпқабатты тұрғын үй сапалы әрі тұрақты жылумен қамтамасыз етілмек. Қысқа дайындық барысын пысықтаған қала әкімі Асылбек Өмірбекұлы тиісті сала басшысына және мердігер мекемеге жылыту маусымы кезеңіне дейінгі қажетті шараларды

талапқа сай және уақытылы орындауды нықтап тапсырды.

Шаһарды абадтандыру жұмыстары биыл көпқабатты тұрғын үй аулаларында да көрініс табууда. Бұл бағыттағы жұмыс Абай даңғылы, Ш.Есенов, Ғ.Мұратбаев

мекеме мен тиісті сала басшыларына жұмыстың сапалы әрі белгіленген мерзім ішінде пайдалануға берілу керектігін ескертті.

А.ӘЛІМ



Басы 1-бетте

Аймақтағы ауқымды жобалар партия бақылауында

Сонымен қатар жол картасының экономиканы дамыту бағыты аясында жыл басынан бері шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында жалпы құны 10 млрд теңге болатын 198 жобаға қаржылай қолдау көрсетілген. Ал жаңа бизнес-идеяны жүзеге асыру бойынша 722 адамға қайтарымсыз мемлекеттік грант берілген.

Ауыл шаруашылығында ірі инвестициялық жобаларды іске асыру, су үнемдеу технологиясын қолдануды ұлғайту, «Жер аманаты» партиялық жобасы аясында мемлекет меншігіне жерлерді қайтару, «Ауыл аманаты» жобасы аясында ауыл тұрғындарының табысын арттыру бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде. Биыл 2 жобаны іске қосу жоспарлануда. Олар – «Асыл Дән ЛТД» ЖШС-нің Қызылорда қаласында күріш өңдеу зауытының құрылысы мен Шиелі ауданында қуаттылығы 700 тонна көкөніс сақтау қоймасының жобасы. Сондай-ақ

Басы 1-бетте

ағымдағы жылы 108 мың гектар жер мемлекетке қайтарылды. Ал «Ауыл аманаты» жобасы бойынша 20 шілдеден бастап несие-лендіруге құжаттар қабылдана бастады, – деді «AMANAT» партиясының облыстық мәслихаттағы депутаттық фракциясының жетекшісі.

Биыл инфрақұрылымдық жүйелерді жақсарту мақсатында елді мекендерді газдандыру бойынша 25 жоба іске асуда. Оның ішінде 2 жобаның құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталып, қалаға қарасты Ақсуат ауылдық округі мен Махамбет елді мекені, Жаңақорған ауданындағы Қызылмақашы елді мекеніне газ құбыры жүргізілген. Қазіргі таңда 12801 тұрғын «өгілдір отын» игілігін көреді.

Білім беру, денсаулық сақтау қызметтерінің қолжетімділігін арттыру бағытында да Жол картасына сәйкес 2023-2027 жылдар аралығында облыста 26 мектеп және 4 мектепке қосымша құрылыс жүргізу жоспарланған. Биыл құрылыс жұмыстарына

22 671 млн теңге қаражат қаралған. Бүгінгі күні үш ауысымда оқыту мәселесін шешу мақсатында облыс орталығындағы 4 мектептің жанынан 1850 орынға лайықталған қосымша ғимарат құрылысы жүрде. Осылайша биыл үш ауысымда оқыту мәселесі шешіледі деп күтілуде. Ал аудан мектептеріндегі орын тапшылығын шешу мақсатында биыл білім ошағы пайдалануға берілмек.

Жол картасы аясында жүзеге асатын жобалардың бірі – спорт кешенін салу. Бұл бағытта биыл 7 аудан мен облыс орталығында барлығы 14 спорт кешені салынауда. Қазіргі таңда оның 2-еуі пайдалануға берілсе, жыл соңына дейін тағы 9 спорт нысаны ел игілігіне берілмек.

Денсаулық саласы бойынша аймақта құны 9,7 млрд теңге болатын 27 медициналық нысан бой көтерді. Оның ішінде 14 денсаулық сақтау нысанының құрылысы биыл басталады. Ал қалғаны келер жылға жоспарланған.

Аймақта жүзеге асатын ауқымды жобалар жетерлік. Құрылыс жұмыстарының сапалы әрі уақытылы орындалуы «AMANAT» партиясы облыстық филиалының бақылауында болады. Брифингте «AMANAT» партиясының облыстық мәслихаттағы депутаттық фракциясының жетекшісі Аманжол Сақыпұлы партиялық бақылау қызметі бойынша атқарылған жұмыстарға да тоқталды. Оның айтуынша, бүгінгі күні 238 сауда нысанына, 133 дәріханаға, 114 жанар май құю бекетіне партия тарапынан талдау жүргізіліп, баға тұрақтылығы бойынша түсіндірме жұмысы жүргізілген. Қазіргі таңда 31 партиялық бақылау нысаны жұмыс істеуде. Алдағы уақытта тағы 15 бақылау нысаны ашылмақ.

Сонымен қатар облыстық мәслихаттың фракция мүшелері 34 қоғамдық қабылдау өткізген. Соның аясында өткізіліп 223 тұрғынды қабылдап, мәселесінің оң шешім табуына ықпал еткен.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

ӨШПЕСТЕЙ ІЗ ҚАЛДЫРҒАН

Кененбай әкем биыл 130 жасқа толып отыр. Осы даталы күнге орай ұрпақтары барлық ағайын, туыс жекеқатардың басын қосып әкелеріне үлкен ас бермекші. Құран оқыпнақшы. Өліге сауап тек дұғадан тиеді. Өте орынды.

«Қабуснама» атты аса бағалы педагогикалық туындының авторы, парсылық Қайқау өзінің туған ұлы Гиланшахқа қалдырған өсиетнамасында:

«... Егер сен, өз перзентім құрмет қылсын десең, сен де ата-анаңды құрметте. Сен ата-анаңа не істесең, саған да перзентің соны жасайды. Перзент – жеміске, ал ата-ана жеміс ағашына ұқсайды. Жеміс ағашын жақсы күтсең, жемісі де дәмді, жақсы болады. Сол сияқты ата-анаға деген ізет, құрметті аямасаң, саған деген олардың ізгі тілегі қабыл болады» дегені еске түседі.



Қайқауың осы сөзі ұрпақ тәрбиесінде бүкіл әлемге тараған. «Ата-анаға не істесең, алдына сол келеді» – деп біздің қазақ мұны бір-ақ ауыз сөзбен түйіндеген. Иә, ата-анаға құрметтің мәні қашанда шексіз. Ендеше ұрпақтары құрметтеп отырған Кененбай әкеңің рухы биіктей бермек.

Кененбай әкем тірі күнінде айналасына қадірлі болған жан. Кенес үкіметінің тұсында атеизмнің қызыл жалауы желбіреп, қасиетті мұсылман дініне балта шабылып тұрған кезде де, Кененбай әке, көкем Яшүкiр, Нәдiр әке үш молда Алла Тағаланың ақ жолынан тайған жоқ. Жүрген ортасында имандылық жайлы тәлім-тәрбие берді. Жамандықты іле шала жақсылықпен, күнәні дереу сауапты істермен жою, қасиетті құранның сөзіне сену туралы насихат жүргізуден тайынған емес.

Кененбай әке жас күнінде колхоз құруға, оны ұйымдастыруға да белсене атсалысқанынан хабардармын. 1932-1933 жылдары елді аштықтан сақтап қалу үшін қолынан келген көп әрекеттерді жасаған. Тұрмысы төмен отбасыларына көмек берген. Колхозға мүшелікке кіргізіп, нәпақасын алуға көмектескен. Колхоз ісінде де адал жұмыс істеп, арамдыққа жол бермеуге тырысқан. Әкеңіз осындай істері шолық белсенділерге жақпаған. Қолында білігі бар сот, прокуратура арасындағы кейбір адамдар да колхоз мүлкің талан-таражға салуға қатысқан. Кененбай әкеңіз «Үш қашаған, бір жүйрік» атты фельетонды осыларға арналып жазылып, ол жергілікті газеттің бірінде жарқ ете қалады. Кенес кезінде фельетонға іліну қанжарға іліккенмен бірдей. Не сотталады, не қызметтен ұшып түседі. НКВ-нің (үш әріп дейді халық) адамдарына Кененбай әке ұнамай, сылтау тауып, «молда, ескінің сарқыншағы, дінді насихаттаушы» деп, тағысын тағыларды қосып тоғыз ай Қызылорданың абақтысына қаматқан жағдайы болған екен.

Бір ауылда үш молда: көкем, Кененбай әке, Нәдiр әке өле-өлгенше аралас-құралас, сыйлас, дос, бір жағы нағашы-жиен боп әзілдері жарасып өмір сүрді. Бұған мен бала кезден куәмін. Кененбай әкеңің рухына бір ауыз өлең арнадым.

Үш молданың ауылда бірі едінің, Құран болды өмірде тірегінің. Артыңызда қалдырған ұрпақтарға Болындар жақсы адам – деп тіледіңіз. Шаңырақта ұл-қызын жүр елжіреген. Мен бүгін сіздің жүрген жолды көрем. Өлеңді жақсы көріп, өмір сүрдің, Рухың қабылдасын мөлдір өлең. Ұрпақтарына айтарым: Ескі қоныс ескі емес, киелі жер. Кім білсе, шын жүректен сүйе білер. Өшпестей ізі қалған қыпшақтардың Тарихта аты қалған, біледі ел.

Оріс ЯШҮКІРҚЫЗЫ,
жазушы, халықаралық «Алаш»
сыйлығының лауреаты

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің қызметкерлері тергеу изоляторында жемқорлықтың алдын-алу тақырыбында іс-шара өткізді. Мұнда әдеп жөніндегі уәкіл, департамент басшысының орынбасары Т.Абенетовтың басшылығымен сыйбайлас жемқорлыққа «нөлдiк» төзімділік, қылмыс жасау салдарын түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Тергеу изоляторының қызметкерлері сотталғандарды ұстау шарттарымен көрнекті түрде таныстыра отырып, құқық бұзушылықтың салдарын жан-жақты түсіндірді.

А.А.ЛИЕВА,

Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің бас маманы

ҮЗДІК ШАҒЫН АУДАН: құмда да ағаш өседі

Сонау ықылым заманнан «Бір тал кессең, он тал ек» деген қағиданы ұстанған халық үшін тал егу маңызды іс. Расымен де саялы ағаш егу ұрпақтан-ұрпаққа қалатын үлгі өнеге болмақ. Қоршаған ортаны көгалдандырып, ағаш отырғызып, табиғаттың әсем көрінісіне көрік бергенге не жетсін? Тіршіліктің қайнар көзіне айналған табиғатымызды аялап, әр егілген ағаштың қандай да бір тіршілік иесіне септігі тисе, мәселен бір құс ұя салса, бір адам көлеккесін саяласа, оның өзі үлкен сауап.

Осындай сауапты іс жасап, табиғатты аялап, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарайтын адам кемде-кем. Десе де айналасына жанашырлық танытып, өзі тұратын үй айналасын көгалдандырып жүргендер де бар. Соның бірі – қаладағы Сырдария шағын ауданындағы көкқабатты үй тұрғыны Марат Түлепбаев. Ол ауласын гүлдендіріп өзгелерге үлгі болуда. Ауылда туып-өскен кейіпкеріміз бала күнінен әкесінің жанында жүріп, табиғатқа жақын өседі.

– 2018 жылы зейнетке шықтым. Көршім аулаға жабайы жүзім ағашын екті. Кейін басқа жаққа қоныс аударып, өздері жасаған еңбектерін маған өтініш айтып, аманат етті. Аманатқа қиянат жасамайын деп бос уақытымда ауланы суарып жүріп, қызығушылығым артты. Содан ағаш отырғызуды бастадым. Алғашында өзгелер «Мына жерге тал шыға ма?» деп күлген-ді. Соған қарамастан қолымнан келгенін жасадым, – дейді кейіпкер.

Кейіпкеріміз үйдің айналасына әсем көрініс беруі үшін ауланы жасыл желекке орап, гүлмен көмкеріп, көркейтуде. Сондай-ақ ауланы сәндеп ғана қоймай, шудан, күннен, шаңнан қорғауда. Сонымен қатар ауланы қоршап, жеміс ағашын егуді қолға алған.

– Негізі біздің аула құмды жер. Осы жерге ағаш отырғызып, гүлдендіру жұмысын өзіме мақсат еттім. Ол үшін күзде жапырақтар төгілгенде барлығын жинап,

Басы 1-бетте



жерге көмдім. Сол көмілген жерге нитроаммофоска тыңайтқышын суға араластырып сеуіп, ағаш отырғыздым. Осылайша «Атадан мал қалғанына, тал қалсын» деп талшын, мамырғұл, катальпа ағаштарын және гүл ектім. Ағаштардың жайқалып өсуіне шіріген жапырақ пен тыңайтқыштың көмегі болды, – дейді зейнеткер Марат Түлепбаев.

Кейіпкеріміз айналасын көгалдандырып ғана қоймай, басқа үйлердің ауласын көркейтуде қол ұшын беріп, көмектеседі. Сондай-ақ тұрғындардың алғысына бөленген кейіпкерімізге «ауланы көркейтіп беріңізші» деп өтініш айтып келушілер де аз емес. Қызығушылығы арқылы басталған көгалдандыру мен қоршаған ортаны

жасыл желекке айналдыруды мақсат еткен Марат Түлепбаев сынды табиғатқа жанашырлық танытатын азаматтар жетерлік.

Жуырда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың бас-тамасымен «Үлгілі елді мекен» облыстық байқауы жеті аудан мен қала арасында өтті. Бұл байқауға Марат Түлепбаев «Қызылорда тазалығы» ЖШС-нің ұсынысымен бақ сынаған еді. Кейіпкеріміз тұратын Сырдария шағын ауданы «Қызылорда қаласының үлгілі шағын ауданы» номинациясы бойынша II орын жеңімпазы атанып шағын ауданға сый ретінде демалыс алаңы салынатын болды.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

Жаз маусымы басталғаннан-ақ балалар бос уақытын тиімді, қызықты өткізіп, түрлі жарыстарға қатысу үшін жазғы тынығу лагеріне баруға асығатыны анық. Сол себепті балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру жұмысы жүйелі жүргізіліп келеді.

Бүгінде облыста 9 лагерь жұмыс істеп тұр. Оның 7-і мемлекеттік болса, қалған екеуі жекеменшік саналады. Жалпы 4 ауысым бойы 5 мыңға жуық бала жазғы демалысын өткізген. Қазіргі таңда оның төртінші ауысымы аяқталды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен өткен баспасөз турында облыстық білім басқармасының тәрбие жұмыстары бөлімінің басшысы Бектұр Қали айтты.

– Биыл балалардың жазғы демалысын көңілді, есте қаларлықтай қызықты өткізу үшін облыста 9 лагерь өз жұмысын бастады. 7 ауысым бойы лагерьге 8190 бала демалды деп жоспарланған. Одан бөлек, облыс бойынша мектеп жанынан күндізгі тынығу лагерінің жұмысы ұйымдастырылды. Онда шамамен 96 мың бала демалады. Ең алдымен жазғы сауықтыру орталығына ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, көп балалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар қамтылады. Ол үшін арнайы тізім жасалады. Бұдан бөлек, жергілікті меценаттар, кәсіпкерлер, кәсіподақ демеушілігімен 1200 балаға облыстан тыс жердегі лагерде ұйымдастырды, – дейді Бектұр Қали

Бүгінде 130 орынды құрайтын

Балалар демалысы қалай өтуде?



«Жалын» жазғы демалыс лагері Сырдария ауданында орналасқан. Онда 700-ге жуық бала барады деп жоспарланған. Оның ішінде әлеуметтік жағдайы төмен, толық емес отбасынан шыққан, ата-ана қамқорлығынан айырылған 581 бала жазғы демалысын өткізетін болады. Мұнда

жазғы тынығуға 7 ауысым бойы балалар қабылдайды.

– Лагерде балалардың жазғы демалысын тиімді өткізу мақсатында түрлі іс-шаралар жоспар бойынша жүргізіледі. Балаларды зияткерлік, спорттық, біліктілігін арттыру мақсатында күнделікті дамытып отырамыз. Одан бөлек, шахмат, ұлттық спорттық ойындар ойнатылып, балалар арасында дебат ұйымдастырылады. Сондай-ақ лагерде бес мезгіл тамақ, арнайы жатын-орын, ойын алаңдары, асхана, медициналық қызмет қарастырылған. Жалпы лагерде 8 тәрбиеші жұмыс істейді, – дейді «Жалын» лагерінің басшысы Мейірімхан Момбаева.

Сонымен қатар балалардың жазғы тынығу кезеңінде еліміздің басқа қалаларына және өңірдегі тарихи, мәдени орындарға, Қорқыт ата ескерткішіне арнайы турлар, музейлерге, табиғаты көркем жерлерге саяхаттау ұйымдастырылып, оған 10 мыңға жуық бала қамтылған.

ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен бірлесіп дарынды ауыл балаларының интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру және қолдау көрсету мақсатында 2023 жылға «Жаздық жолдама» әлеуметтік жобасы аясында 600 балаға облыстық квота бөлінген. Соның есебінен 320 бала Алматы қаласында орналасқан «Спутник» лагерінде демалды. Алдағы уақытта Жаңақорған ауданындағы облыстық олимпиадалар және қосымша білім беру орталығында орналасқан «Талдысу» лагерінде 280 оқушы демалады деп жоспарлануда.

НАЛТЫН

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ

ҚҰТ ҚОНҒАН ШАҢЫРАК

«Отбасы бақытының сыры неде?» деген сауал кім-кімді де алаңдатыны шындық. Үйде тыныштық, түсіністік, береке, сыйластық болса, ол шаңырақ бақ пен ырыс қонақтап, береке бірлік орнайды. Бұл тәлім кез келген адамға ой салады.

«Ертеде бір жас жігіт отбасы ішінде қалай бақыт пен тыныштық орнатуға болатынын іздейді. Адамдар оған «Пәлен ауылда бір шал мен кемпір бар, білсе солар біледі бақытты тұрмыстың сырын, өйткені олардың ұрысқанын, бір-біріне дауыс көтергенін әлі ешкім көрген емес» дейді.

Жас жігіт оларды іздеп барып, амандасып, хал-жағдай сұраққаннан кейін үй иесіне келген себебін айтады. Қарт кісі қонақты дастархан басына шақырады. Кемпірі дастарханға бір қауын әкеледі. Қарт кісі қауынға бір қарайды да, кемпіріне «Бұл қауын онша піспегенге ұқсайды, ауыстырып әкелесің бе?» дейді. Әйелі «жарайды деп қауынды кері әкеліп, тағы бір қауын әкеледі. Күйеуі «Бұл да болмады, тағы басқасын көрші» дейді. Әйелі тағы алып кетеді. Қарт кісі келген қонаққа «Әйелім онша таңдай алмаса керек, кеттік бірге барып таңдап келейік» деп екеуі

иелерінің отау құрғандарына биыл 50 жыл толып отыр.

Отанасы Жақсыгүл апа мектепте математика пәнінің мұғалімі, балабақшада тәрбиеші қызметін абыроймен атқарып, бейнетінің зейнетін көріп отырған алтын құрсақты ана. Осы уақытқа дейін Сапаржановтар отбасы ауылдағы өнегелі әулет қатарында танылып, көптеген марапат мен алғысқа бөленіп, құрмет төрінен көрініп келеді.

Олардың тұңғыш перзенті Жадыра Сапаржанова №39 Қызылөзек орта мектебінде орыс тілі пәнінің мұғалімі. Отбасылы, 5 бала тәрбиелеп отыр. Балалары оқу озаты, мектеп белсендісі. Екінші қызы Лаура Сапаржанова №39 Қызылөзек орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Отбасылы, 2 бала тәрбиелеп отыр. Үлкен қызы алтын белгі иегері. Үшінші қызы Жазира Сапаржанова №39 Қызылөзек орта мектебінде әлеуметтік педагог. Отбасылы, 4 бала тәрбиелеп отыр. Ұстаздық жолында облыс, қала әкімдерінің алғыс хаттарымен, «Үздік педагог» номинациясымен, бірнеше диплом, алғыс хатпен марапатталған. Төртінші қызы Жанат Сапаржанова ағылшын

бойынша Қорқыт ата колледжін бітірген. Өкінішке қарай, 2010 жылы дүниеден озып, артында 2 баласы қалды. Жұбайы Меруерт №39 мектепте дене шынықтыру пәні мұғалімі. Қазіргі уақытта қара шаңырақта ата-енесіне қарап, шаңырағының отын өшірмей отырған әулеттің аяулы келіні.

Бұл әулетті анасының жолын қуған ұстаздар династиясын жалғастырушылар деп атауға да негіз бар. Өнегелі отбасының отағасы Айдарбек ағамыз зейнетке шықтым деп қарап отырмай, бау-бақша егіп, үйдің айналасын гүлдендіріп отыр. Қазір үлгілі отбасының бақшасында грек жаңғағы өсіп, айва жемісі түйнек салып тұр. Үйдегі қазыналы қарт қаз, үйрек, тауық, бөденеге дейін өсіріп, тіршілікке нәр беріп отыр. Немерелеріне бейнетсіз рахат болмайтынын үнемі айтып, оларды адал еңбекке баулуға. Атасының өнегесін үйренген немерелері әртүрлі темір бөлшектерін мотоцикл, машина құрастырып жүр.

«Байлықтың атасы – еңбек, анасы – жер» демей ме, дана қазақ. Бұл әулет ерен еңбегімен ауылдастарына үнемі үлгі көрсетіп келеді. Сапаржановтар биылғы «Мерейлі отбасы» байқауының III дәрежелі дипломымен марапатталып, құрметке бөленді. Өмірлері өнегемен өрілген отбасына табыс тілейміз.



асүйге кіреді. Әлгі жігіт асүйге кіргенінде бір гана қауын тұрғанын көреді. Қарт кісі қонаққа қарап «Отбасы бақытының сырын түсіндің бе?» деп сұрайды. Жас жігіт «түсінбедім» деп жауап береді. «Балам, үйде бір гана қауын бар еді. Мен оны білемін, менің білетінімді әйелім де біледі. Мен қауынды алып кетіп басқасын әкел дегенімде, «жарайды» деп әкеліп, соны қайта әкелді. «Ей, шал, сен алжығанбысың, үйде бір гана қауын бар, не айтып тұрсың?» демеді. Мен бір нәрсе айтқанымда әйелім қарсы шықпай, дереу айтқанымды орындайды. Ол да бір нәрсе айта мен де оның көңілін қалдырмаймын. Сол себепті ұрыс-керіс болмайды. Отбасы бақытының сыры осы» деген екен.

тілі пәні мұғалімі мамандығы бойынша жоғарғы оқу орнын үздік бітірген. Отбасылы, 3 бала тәрбиелеп отыр.

Ұлы Сейфулла Сапаржанов университетті инженер-механик мамандығы бойынша бітірген. Қазіргі уақытта жеке кәсіпкер. Жұбайы Лаура №39 мектепте информатика пәнінің мұғалімі. Екеуі 3 бала тәрбиелеп отыр.

Кіші ұлдары Амангелді Сапаржанов мұнай және газды қайта өңдеу мамандығы

Қызылөзектік Сапаржановтар отбасындағы тәлім-тәрбиені көргенде әлгі қария айтқан қадірін ұғып өскені сезіледі.

Отағасы Айдарбек Сапаржанұлы 1952 жылы қазіргі Сырдария ауданында дүниеге келген. Әскери борышын өтеген соң Қызылорда қаласында «Автобаза» мекемесінде жүргізуші болып жұмыс істейді. 1973 жылы жұбайы Жақсыгүл Сейітназарқызымен отау құрып, Қараөзек совхозына қоныстанды. Екеуі 7 бала тәрбиелеп өсіріп, бүгінде ұл-қыздарынан 19 немере сүйіп отырған ардақты ата мен жеке.

Балаларының барлығын жоғарғы оқу орындарында оқытып, соларды ел қатарына кесу еңбек етуден жалықпаған өнегелі шаңырақ



Замандастары үлгі тұтқан отанасына біз бірнеше сауалдарды жолдап та үлгердік. Үйелмелі-сүйемелі 8 баламен жалғыз өзі барлығына қалай үлгеретінін сұраған едік.

– Адамда ниет болса, бар жұмысын сәтті жүреді. Менің балаларым үйдің ішкі тәртібіне дағдыланған. Бір-біріне қамқор болып, әр затты өз орнына қоюға кішкентайынан үйренді. Оларға дауыс көтеріп, айғайлап сөйлеу біздің отбасында болмаған. Әкелері математикаға өте зерек. Балаларға есен үйретуге ерінбейді. Біз әкесі екеуіміз отбасымыздың қаржы-

сын жо с пар лап жұ м с а а г а н м е н , бала тууды жо с пар ла п , оған шектеу қою дегенді ойламаппыз. Әр бөбегімізді Алланың берген сыйы деп қабылдап, бар жан-тәнімізбен әкелік, аналық мейіріммен әлпештеп бағып, өсіріп келеміз. Үлкеніміз – 2004 жылғы, есімі Динара. Кішкентайынан үй шаруасымен қоса, бала бағуға қолбағы етеді. Одан кейін араға 1 жыл салып Бекнұрмыз өмірге келді. Ал 5 жылдан кейін 2010 жылы Нұрсұлтанмыз, сосын 2012 жылы алғашқы егіз ұлымыз Нұрсұлтан мен Ерсултан, 3 жыл-

ШУАҚТЫ ШАҢЫРАК

«Ерлік білектен емес, жүректен» дегенді дана халқымыз тектен-тек айтпаса керек. Жүректілік емей немене, 2012 жылы Нұрсұлтан, Ерсултан есімді егіз ұлды өмірге әкелген жас ана араға 4 жыл салып тағы да егіздерді бауырына басты. Оларға темірдей тегеурінді болсын деп Темірәлі мен Темірғали деген көркем есім берді. Осылайша, Индира Елеусинова небары 34 жасында 8 баланың анасы атанды.

Екі мәрте егіз перзент әлдилеген Индира

дан соң Нұрия қызымыз дүниеге келді. Екінші егіз – Темірәлі мен Темірғали. Күміс пен алтын алқаны қатар алдым. Шүкір, біздің елімізде батыр аналарға деген құрмет жоғары ғой. Тек бейбітшілік болса, балаларым әлі-ақ ержетіп, еліне қызмет етеді деп ойлаймын. Бала деген адамның бауыр еті, бақыты, байлығы ғой. Мен осы егіздерді көтергенде ерекше түс көрдім. Екі ер адам келіп, екі қолым екі баланы ұстатты да, ғайып болды. Сол түс көрген күннің ертеніне УЗИ-ға түстім. Өз көзіме өзім сенбедім. Дәрігердің қорытындысын көріп, қуанып кеттім. Ол құрсағымда егіз бала бар екенін айтты. Жан-дүниемді кернеген шаттық сезімнен сөзбен айттып жеткізе алмаймын. Ана бақыты ешбір байлыққа тең келмейді» дейді жүзі балбұл жанған бақытты ана.

Осындайда бір данышпанның айтқан мысалы ойыма келіп тұр дейді ол әңгіме үстінде. «Бірде данышпанға бір әйел келіп: «Бұл өмірде менен сорлы, менен кедей жан жоқ. Жағдайым өте қиын. Сіз маған көмектесе аласыз ба?» – дейді. Данышпан қыздың қолындағы сәбидің басынан бір сипады да, жымпып тұрып:

– Кедейім де... Егер менің көмектескенімді қаласаң, сәбиіңнің бір саусағын маған сат.

Данышпанның бұл сөздеріне таңырқаған қыз «мына кісі мені мазак етіп тұр ма» дегендей кейіп танытты.

Алтынға толы бір қапты ұсынған данышпан:

– Мен баланың тырнағын сатып алуға да келісемін, ауруды сездіртпей аламын.

Мына сөздерге шошып кеткен ана баласын құшағына қаттырақ қысып кетуге асықты.

– Бар болғаны тырнақ қой. Оның қайта өсіп шығатынын өзің де білесің.

Баласын бауырына тығып қашып бара жатқан әйелдің артынан данышпанның:

– Түсіне алар емесің. Сен қандай кедейсің? Бір қап алтынды қолыңдағы байлығыңның кішкентай гана бөлігіне де айырбастағың келмейді! – деген сөздері естілді...»

– Жоғарыдағы мысалда келтіргендей, мен де бөбектерімнің тырнағын да байлыққа айырбастамаймын, – дейді жанары мейірімге толған Индира.

Ал сәби толы шуақты шаңырақтың отағасы Данияр Елеусинов болса, жоғары оқу орнын тәмамдағанмен, бақытын қарапайым еңбектен тапқан. Қоғамдық қолқын жүргізушісі. Даниярдың әкесі – Жәнібек те егіздің сыңары екен. Оның егізінің аты – Жолдыбек. Ол да біздің қаланың тұрғыны.

Әрине, тылсым дүниенің жұмбағы мен бізге сыйлар тосын сыйы да жетерлік. Бүгінде балаларының бәрі ер жетті. Бақытын балаларының бал күлкісінен тауып, өркен жайған шаңырақты балауға баққа айналдырған Елеусиновтар әулетінің отбасына бақ пен дәулет қонақтасын деп тіледік.



Отбасылық кәсіптің үлгісі



Президент өз Жолдауында саралап айтып берді. Ол өз стратегиялық бағытында отбасылық бизнесті дамыту мақсатын ұсынды. Өркім тіршілік етіп, өз нәпақасын табуға ұмтылған жөн. Қазір кәсіпкерлік дамып келеді. Оның үстіне, бұл бағытта негізсіз тексерулер мен кедергілерді болдырмау жөнінде мораторий жарияланды. Отбасылық бизнес дамыса, еліміз де гүлденеді. Қазір мен өз кәсібімнің қожайынымын. Берекелі тірлік жасап, талаптансаң, бар игіліктерге жол ашылады дейді жеке кәсіп иесі.

Еңбекпен тапқан нан тәтті. Кәсіптің үлкен-кішісі болмайды.

Ол қарапайым ғана шап-тараз. Кәсібі өзіне ұнайды.

Күн сайын түрлі адамдармен ди-дарласып, кейбірімен туған-туыстай араласып та кеткен. Бүгінде біздің кейіпкеріміз Райхан Шермаханованың 3 баласы, 3 немересі қуанышын еселеп отыр.

Ол тоқырау жылдарындағы қиындықты да бастан кешірген. Сол кезде күйеуі екі қолға бір жұмыс таппай үйде отырып қалды. Ал Райхан болса, шағын темір вагонда күнделікті өз тұтынушыларымен отбасын нансыз қалдырмау үшін еңбек етті. Қазір оның жеке кәсіппен айналысқанына 20 жыл болыпты. Өркімнің өз сүйген кәсібі болады. Ең бастысы, оның шағын жұмысы аланы бар.

– Мәселе кәсіпкер болу үшін үлкен кәсіпорын, зауыт басқа да іргелі жұмыс орнын ашу емес, шағын кәсіпінді жандандырып, шаңырағының әлеуметтік ахуалын жақсартсаң болды. Мұны

Кәсіпкер шағын аулаға көктем шыға тал егіп, қоғалдандыруға қатты мән береді екен. Өз тұтынушыларына қолайлы жағдай жасап, оларды жылы қабақпен қарсы алып, шаш сәнін өз қалауына сай безендіріп, әдемі стиль қалыптастырған соң халық та көп болады. Қаладан шеткері ауылдан да іздеп келіп, оның қызметіне тәнті болып жатқандар жетерлік.

Сөз арасында Райхан «Менің қызметім ұнап, алыстан тұтынушы іздеп келгеніне қуанбасам, ренжімеймін. Менің еңбегімнің жемісін отбасым, өз елім көріп жатса, маған соның өзі зор бақыт. Өркім өз отбасын таза еңбекпен асыраса, жас мемлекетіміздің іргетасының нығайуына да үлкен қолдау болмақ. Себебі біз туған жеріміздің салық қазанындағы қаржыны көбейтуге өз үлесімізді қосып отырмыз. «Отан отбасынан басталады» демекші, үлкен бизнес шағын отбасылық кәсіптен бастау алады. Ел еңесін көтеріп, қазақ елінің абыройын әлемге паш ету үшін әрбіріміз қажырлы еңбек етуіміз керек. «Мен елімнің өркендеуі үшін не жасадым?» деген патриоттық сезім әр адамның санасында болса» – дейді Райхан.

Әрине, оның сөзінің жаны бар. Себебі отбасылық кәсіп – мемлекет тірегі.

Ажырасу неге көбейді?

Өркені жайылып, өрісі кеңейіп, өз отауының сүттей ұйыған мызғымас тыныштығын сақтап отырған отбасылар аз емес. Ұрпақ өсіріп отырған алтын құрсақты аналарымыз бен шаңырақтың айбарындай ақылы кемел аталарымызды көргенде бір марқайып қаламыз. Әулеттің бағына қарай келіндері инабатты, қыздары ибалы, бір-бірімен әзілі жарасып тұрса, сол үйдің түгін түзу шығады. Осындай отбасылардың ауызбірлігі жарасқанына қарап бойымыз да, ойымыз да тазарып, рухани демалып қаламыз.

Осындайда кеше гана айдай әлемге жар салып, некелесіп, екі елді туыстырып, жыл салмай ажырасып жатқан жас жұбайларды көргенде жадыраған көңілің су сепкендей басылады. Байқасаныз, шаңырақ көтерген кез келген ерлі-зайыпты бастапқыда сезімі арнасынан тасып, бақыт құшағында өмір сүріп еді. Уақыт өте келе, күнделікті күйбең тіршілік бар, қала берді жауапкершілік көбейе

адам өз жұбының кемшілігін көріп, әрі оның наразылығын тудырады. Бұл өз кезегінде жұбайының жан дүниесін жаралап жатқанын сезбей жатады.

Адам болған соң, оның жақсы мінезімен қатар жағымсыз мінезі де қатар жүретінін ұмытпаған жөн.

Отбасылық өмірде проблема мен келіспеушілік орын алып тұруы заңдылық. Ал бұл келіспеушіліктің қайталану беруінің бірден бір себебі – ерлі-зайыптың өз мәселесіне жайлы ашық сөйлесіп, оның шешімін бірігіп таппастан, жылы жауып қояюында. Нәтижесінде арада жақтырмау, жек көру сезімі туады. Мұны шешудің жолы – келіспеушілік орын алған уақытты суытпай, рет-ретімен әр тақырыпты талдай отырып, ұрыс-керісді диалог түрінде өзара түсіністікке қол жеткізу.

Отбасылық одақта мыназ алатын кезен, жұбайлар жұмыс қаншалықты қауырғ болса да, бір-біріне көңіл бөлуге уақыт табуы тиіс. Тіпті ол үшін кейде жұмысы тоқтап жатса да, бір-



түскен шақта арадағы сезім сөніп, бір-бірінен алыстай түседі. Өмірде кездесетін азғана қиындыққа қазіргі жастар тосырмай қарайды.

Әр нәрсенің қиюын тапса, бірлесіп шешілейтін мәселе жок екенін түсінгісі келмейді. Бар қиындықты ата-анасына жүктеп, жауапкершіліктен қашқақтайды. Өзара түсінісу мен ұғынысу деген жайына қалып, екі жастың арасында ұрыс пен жанжал белең алады. Ал өрші түссе, ақырында жұбайлық байланыс үзіліп тынады. Сондықтан жана қосылған жас жұбайлар бір-бірінің айыбын санамалап, оны ұлғайтуға әрекет етпей тііс. Керісінше, жұбының жақсы қасиетін көбірек тілге етіп айтып отырған жөн. Ал кемшілігін жасырып арадағы сезімнің суып кетпеуіне септігін тигізеді.

Тағы бір сактанатын нәрсе, өзінің жұбын ортасындағы жора-жолдасы, ағайын-туысы немесе әріптесімен салыстыра бастайды. Соның салдарынан

бірінші халін біліп, кеңесіп отырған келісімге бастайды. Өйтпесе араларында сызат пайда болады.

Тағы да ескеретін бір жайт, адамның өмірлік арманы мен мақсатын жүзеге асыру үшін жақынының қолдауы аса қажет. Алайда жанындағы адам оны түсінбесе, бала деп жігерлендірмесе, сол жаман. Бұл да отбасылық қатынастың бұзылуына әкеп соғады. Сондықтан ерлі-зайыпты бір-бірінің мақсат-мұратына құрметпен қарап, қаржылай болмаса да, рухани қолдау көрсеткені дұрыс.

Дана халқымыз «Үйлену оңай, үй болу қиын» деп бекерден-бекер айтпағаны белгілі. Алып-ұшқан сезімнің жетегінде отау құрған жастардың бірлескен көші болшаққа жол тартып, бұралан жолдан сүрінбей өтуі үшін талай тосқауыл мен сынаққа төзулеріне тура келеді.

Демек «Отбасы – шағын мемлекет» дегендей отау тігіп, одақ құрудың оңай шаруа емес екенін есте сақтаған жөн.

Бетті дайындаған Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ